ШЕШІМ
Қазақстан Республикасының атынан

2024 жылғы 31 қазан № 5501-24-00-2/3258 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Төлембекова А.С., оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Павлодар облысы әкімдігі, Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Павлодар облыстық онкологиялық диспансері» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Акнур Ануаровна Туребаева жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Павлодар облыстық онкологиялық диспансері» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының Акнур Ануаровна Туребаева жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Акнур Ануаровна Туребаева жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Акнур Ануаровна Туребаева жеке кәсіпкерден мемлекеттің кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Төлембекова**

Көшірме дұрыс
Судья А.Төлембекова
Анықтама: шешім 2024 ж.«10» желтоқсан күні заңды күшіне енді
Судья А.Төлембекова

Құжатқа қол қойылған: Тюлембекова А. С., 31.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.12.2024. Судья Тюлембекова А. С. 10.12.2024